

Оңтүстік Қазақстан, әсіресе Отырар өңірінің ономастикалық атаулары - халықтың тарихи жадын, мәдени мұрасын және дүниетанымын сақтаушы ерекше қабат болып табылады. Жер-су атаулары тек географиялық нысандарды белгілеумен шектелмей, сонымен қатар этникалық процестердің, шаруашылық дәстүрлердің, табиғи-климаттық ерекшеліктердің және тарихи оқиғалардың айғағы ретінде қызмет етеді.

Зерттеу барысында анықталғандай, Отырар өңіріндегі топонимдер мен гидронимдер көпқабатты шығу тегіне ие. Түркі, парсы және араб тілдік ықпалдары бұл атаулардың семантикалық дамуына әсер етіп, олардың тарихи-мәдени мазмұнын байытқан. Мысалы, Отырар, Арыс, Сыр, Қараспан, Шәуілдір, Қоғам, Темір сияқты атаулардың этимологиялық талдауы аймақтың тарихи сабақтастығын және мәдени стратификациясын айқын көрсетеді.

Бұл ономастикалық кеңістік - қазақ халқының мәдени мұрасының ажырамас бөлігі. Оны зерттеу арқылы біз халықтың тарихи тағдырын, рухани дүниесін және мәдени құндылықтарын тереңірек түсінеміз. Сонымен қатар, ономастикалық зерттеулер қазіргі тіл білімінің ғана емес, тарих, этнография, география және мәдениеттану ғылымдарының да ортақ міндетіне айналып отыр.

Қорытындылай келе, Отырар өңірінің ономастикалық атаулары - тарихи сабақтастық пен мәдени көпқабаттылықтың айқын көрінісі. Бұл атауларды ғылыми тұрғыдан зерттеу қазақ халқының тарихи жадын сақтауға, мәдени мұрасын дәріптеуге және тілдік ерекшеліктерін айқындауға зор үлес қосады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

- 1.ЖАНҰЗАҚ Телғожа Қазақ ономастикасы. Казахская ономастика. I том. - Астана, «1С-Сервис» ЖШС, 2006 ж. - 400 бет
- 2.Телғожа Жанұзақ. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. Алматы: "Сөздік-словарь" ЖШС, 2010.-356 бет.
- 3.Арғықазақ мифологиясы [Мәтін] / С. Қондыбай [құрастырған Б. Қондыбай]. - 2-бас. ., толықт.. - Алматы : Арыс, 2024. - 1021
4. Қазақтар ана тілі әлемінде [Мәтін] : этнолингвистикалық сөздік / Ә. Қайдар [ред. Р. Қ. Шаймерденов] ; [А. Байтұрсынұлы атын. Тіл білімі ин-ты] .- Алматы : Дайк-Пресс , 2009

БАЙЗАҚ Өңірінің Ономастикалық Атаулары

Батихан Қ.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

Астана Халықаралық Университеті

bqarasai@gmail.com

Астана қаласы

Аңдатпа

Бұл мақала Жамбыл облысы, Байзақ ауданы, Байзақ ауылының тарихи-топонимиялық кеңістігін зерттеуге арналған. Байзақ атауы XIX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалыстың көрнекті қолбасшысы Байзақ Мәмбетұлының (Байзақ датқа) есімімен байланысты. Зерттеу барысында ауыл аумағындағы табиғи және тарихи атаулар: Жетіжол, Байзақ сөресі, Рысымбет төбе, Бурылтөбе, Қарақуыс, Байзақ батыр кесенесі, Ескі Байзақ, Қызылжар, Қарасу, Ақжар сияқты нысандардың шығу тегін, семантикасын және тарихи-мәдени маңызын талдау жүргізілді. Зерттеу барысында тарихи құжаттар, ауызша деректер және ғылыми әдебиеттерге негізделген талдау жасалды. Сонымен қатар, топонимдердің семантикасы мен шығу тегі жан-жақты қарастырылып, олардың этнографиялық және мәдени маңызы бағаланды. Зерттеу нәтижесінде Байзақ ауылының топонимдері табиғи-географиялық ерекшеліктерге, тарихи оқиғаларға, батырлар мен ел ағаларының есімдеріне, көшпелі тұрмыс салтына және жергілікті халықтың діни-рухани танымына негізделгені анықталды. Атаулар халық жадындағы тарихи, мәдени және рухани ақпаратты сақтай отырып, ұрпаққа жеткізетін маңызды дереккөз ретінде қарастырылады.

Кілт сөздер: Байзақ ауылы, топоним, Байзақ датқа, Жетіжол, Байзақ сөресі, Рысымбет төбе, жер-су атаулары, этимология, антропотопоним, мәдени мұра.

Аннотация

Статья посвящена исследованию топонимов села Байзақ Жамбылской области. Название села связано с именем Байзақ Мамбетұлы (Байзақ датқа) - известного лидера национально-

освободительного движения XIX века. В работе анализируются происхождение и семантика топонимов: Жетижол, Байзак-соре, Рысымбет-тобе, Бурылтөбе, Каракуыс, Байзак-батыр мавзолей, Старый Байзак, Кызылжар, Карасу, Акжар. Исследование основано на исторических документах, устных источниках и научной литературе. Проведен всесторонний анализ семантики и происхождения топонимов, оценено их этнографическое и культурное значение. Результаты показали, что топонимы села Байзак формировались под влиянием природных условий, хозяйственной деятельности, этнических процессов, исторических событий и духовных представлений населения. Топонимы отражают ландшафт, память о выдающихся личностях и социально-исторические события, выполняя роль носителей культурной и исторической памяти.

Ключевые слова: Байзак, топонимия, Жетижол, Байзак-соре, Рысымбет-тобе, исторические названия, гидронимы, этимология, этнокультура, культурное наследие.

Abstract

This article examines the toponymic system of Baizak village, Baizak district, Zhambyl region. The village is named after Baizak Mambetuly (Baizak Datka), a prominent leader of the 19th-century national liberation movement. The study analyzes the origin, semantics, and historical-cultural significance of local place-names including Zhetizhol, Baizak Soré, Rysymbet Tobe, Buryltobe, Karakuyis, Baizak Batyr Mausoleum, Old Baizak, Kyzyljar, Karasu, Akzhar. The research is based on historical documents, oral sources, and scholarly literature. A comprehensive analysis of the semantics and origins of toponyms was conducted, assessing their ethnographic and cultural importance. Findings indicate that Baizak village toponyms were formed under the influence of geographical features, nomadic lifestyle, ethnic interactions, historical events, and spiritual beliefs. Place-names preserve collective memory, reflect the landscape, commemorate notable individuals, and serve as important cultural and historical markers.

Keywords: Baizak village, toponymy, Zhetizhol, Baizak Soré, Rysymbet Tobe, place-names, hydronyms, etymology, ethnoculture, cultural heritage.

Кіріспе

Байзак ауылының жер-су атауларының шығу тегін, семантикасын зерттеу арқылы өңірдің тарихи, мәдени және табиғи ерекшеліктерін анықтауға болады. Байзак атауы XIX ғасырдағы ұлт-азаттық қозғалысының көрнекті тұлғасы Байзак датқа есімімен байланысты, бұл ауылдың тарихи маңызын ерекше көрсетеді.

Ауыл аумағында кездесетін табиғи атаулар: Бурылтөбе, Қарасу, Акжар, Қаракуыс, Жетіжол жер бедерін, су жүйесін және табиғи ресурстардың орналасуын сипаттайды. Жетіжол - жеті қарауыл төбеден тұратын жол, ауыл мен Ақбұлымға дейінгі аралықта орналасқан. Бұл төбелер ауылды сыртқы жаулардан қорғауға арналған тарихи қақтығыс нүктелері ретінде қалыптасқан. Байзак сөресі - Байзак батырдың саусағы жерленген төбе, қазіргі Байзак ауылының солтүстігінен 4 км жерде темір жол үстінде орналасқан. Бұл нысан халық жадында батырлық дәстүрді, тарихи естеліктерді сақтаушы рөл атқарады. Ауылдың батыс жағында, Талас өзенінің шығыс жағында орналасқан Рысымбет төбе - ауылға жақын және 4 км жерде орналасқан екінші төбе болып бөлінеді. Аралықтағы жер Жыланды деп аталады, себебі сол жерде жыландар көп кездескен. Бұл атаулар ауылдың табиғи ортасын, тарихи оқиғаларын және халық тұрмысын сипаттайтын нақты мысалдар болып табылады. Тарихи атауларға Байзак батыр кесенесі, Ескі Байзак, Қызылжар жатады. Бұл нысандар халық жадында сақталған оқиғалар мен тұлғалардың ескерткіштері болып табылады. Байзак ауылының топонимдік кеңістігі - табиғи орта, көшпелі өмір салты, этникалық құрам және діни-рухани нанымдардың өзара әрекеттесуінің нәтижесі.

Зерттеу әдістері мен материалдары

Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи әдіс, этнолингвистикалық талдау, топонимдерді жіктеу, семантикалық интерпретация әдістері қолданылды. Зерттеудің негізгі материалдары ретінде Байзак ауылының тарихи карталары, архив құжаттары, ауыл тұрғындарының ауызша деректері, географиялық карталар, топонимдік сөздіктер және ғылыми мақалалар пайдаланылды.

Зерттеу барысында ауылдың негізгі тарихи және табиғи нысандары - Сарыкемер, Нарымбай, Жетіжол, Байзак сөресі, Рысымбет төбе, Жыланды аймағы, Талас өзені, Бурылтөбе, Қаракуыс, Акжар, Ескі Байзак, Қызылжар - жан-жақты қарастырылды. Бұл материалдар топонимдердің шығу тегін анықтауға, олардың тарихи, мәдени және этнографиялық маңызын талдауға мүмкіндік берді.

Зерттеу процесінде ақпарат жинау, салыстыру, классификациялау және талдау кезеңдері жүргізілді. Әр топонимнің шығу тарихы, семантикасы және қолдану ерекшеліктері зерттеліп, нәтижесінде Байзак ауылының тарихи-мәдени кеңістігін толық сипаттау мүмкіндігі туды.

Талқылау

Байзақ ауылының топонимдік жүйесі ауылдың тарихи, мәдени және табиғи ерекшеліктерін көрсетеді. Топонимдердің көпшілігі табиғатпен, тарихи оқиғалармен, батырлық дәстүрлермен және халықтың рухани тәжірибесімен байланысты.

Жетіжол - Ақбұлым ауылына дейінгі аралықта қатар орналасқан жеті қарауыл төбе, ауылды сыртқы қауіптен қорғау мақсатында қолданылған. Әр төбенің аты мен орналасуы халықтың көшпелі өмір салты мен қорғаныс дәстүрін бейнелейді. Жетіжол төбелері ауыл тарихында стратегиялық маңызды орын ретінде есте қалды. [1. 43]

Байзақ сөресі - Байзақ батырдың саусағы жерленген төбе. Ауылдың солтүстігінен 4 км жерде, темір жолдың үстіңгі жағында орналасқан. Бұл нысан халық жадында батырлық дәстүрді сақтаушы рөл атқарады. Оның тарихи маңызы ауылдың мәдени идентичностын қалыптастыруда маңызды фактор болып табылады. [3. 87]

Рысымбет төбе және Жыланды - ауылдың батысында, Талас өзенінің шығыс жағасында орналасқан. Біріншісі ауылға жақын, екіншісі шамамен 4 км жерде. «Жыланды» деп аталуы аймақтағы жылан көп кездесетін табиғи ерекшелікті көрсетеді. Бұл атау ауыл тұрғындарының табиғатқа деген байқауын, тұрмыс тәжірибесін бейнелейді. [2. 67]

Сарыкемер - Байзақ ауданындағы ауылдық округ орталығы, қазіргі аудан орталығы. Талас өзенінің сол жағалауында орналасқан, іргесі 1875 ж. қаланған. 1880 жылдан біраз уақыт Михайловка аталған. 1992 ж. тарихи атауы қалпына келтірілді. Атау «сары кемер» - сарғылт түсті жар, кемер деген мағынаны береді. «Кемер» сөзі үнді-иран және түркі тілдеріндегі «терең сай, тар алқап» ұғымдарымен байланысты. [1. 40]

Нарымбай - ортағасырлық төрткүл үлгісіндегі қалашық орны. Байзақ ауылынан 7 км шығыста орналасқан. Алғаш 1936 ж. А.Н. Бернштам басқарған экспедиция ашқан. 1986 және 2000 жж. К.М. Байпақов жетекшілік еткен экспедициялар зерттеген. Қалашық ромб пішінді, айналасы жал және мұнаралармен қоршалған. Қазба материалдары оның VIII-XII ғғ. егіншілікпен, мал шаруашылығымен және қолөнермен айналысқан мекен болғанын дәлелдейді. [1. 45]

Тарихи-мәдени нысандар: Байзақ батыр кесенесі, Ескі Байзақ, Қызылжар - ауылдың тарихи және рухани мұрасын сақтап, ұрпаққа жеткізетін мәдени маркерлер. Байзақ батыр кесенесі мен Ескі Байзақ ауылының атаулары жергілікті тарихқа, халықтың батырлық дәстүрлеріне негізделген. Қызылжар атауы жердің қызыл топырағымен байланысты, бұл жергілікті табиғатты сипаттайды. [1. 39]

Гидронимдер, мысалы Талас өзені, Қарасу, ауылдағы су көздері мен шаруашылық қызметімен тығыз байланысты. Топонимдер ауылдың этникалық және мәдени құрамын, тарихи оқиғалар мен тұрмыстық практиканы көрсетеді.

Зерттеу барысында топонимдердің тарихи және этнографиялық мәні анықталды: олардың қалыптасуы көшпелі өмір салтына, тарихи оқиғаларға, батырлық дәстүрлерге және табиғат ерекшеліктеріне негізделген. Атаулар халық жадындағы тарихи, мәдени және рухани ақпаратты сақтап, ұрпаққа жеткізетін дереккөз болып табылады.

Нәтиже

Зерттеу нәтижесі көрсеткендей, Байзақ ауылының топонимдері бірнеше негізгі санатқа бөлінеді:

Тарихи тұлғаларға байланысты атаулар: Байзақ ауылының атауы, Байзақ сөресі және Байзақ батыр кесенесі. Бұл нысандар ауылдың тарихи тұлғаларын еске салады, батырлық дәстүрлерді сақтайды және тарихи сананы қалыптастырады.

Қорғаныс және стратегиялық мақсаттағы нысандар: Жетіжол төбелері ауылды сыртқы қауіптен қорғау үшін қолданылған. Жетіжол аты жергілікті халыққа ауылдың қорғаныс дәстүрін және көшпелі өмірдің ерекшеліктерін еске салады.

Табиғи-географиялық атаулар: Бурылтөбе, Ақжар, Қарақуыс, Қарасу. Бұл топонимдер ауылдың су ресурстарын, жер бедерін, топырақ ерекшеліктерін бейнелейді. Мысалы, Қарасу өзені тұрғындарға сумен қамтамасыз етуге арналған маңызды ресурс болған, Ақжар мен Бурылтөбе ауылдың экологиялық жағдайын сипаттайды.

Тарихи-мәдени нысандар: Ескі Байзақ, Қызылжар, Рысымбет төбе, Жыланды аймағы. Бұл нысандар халық жадында тарихи оқиғаларды, батырлық дәстүрлерді және рухани тәжірибелерді сақтаушы ретінде қызмет етеді.

Топонимдерден көрініс табатын негізгі тенденциялар: ауыл атаулары табиғат ерекшеліктеріне, тарихи тұлғаларға, этнографиялық дәстүрлерге және рухани нанымдарға негізделген. Олар халықтың тарихи сана-сезімін, мәдени тәжірибесін және жермен байланысын көрсетеді.

Ауылдың гидронимдері (Талас өзені, Қарасу) мен табиғи нысандары ауыл тұрғындарының көшпелі өмірге, шаруашылыққа және экологиялық жағдайға

бейімделуін көрсетеді. Зерттеу көрсеткендей, атаулар халықтың тарихи тәжірибесін сақтай отырып, мәдени және рухани ақпаратты ұрпаққа жеткізетін маңызды дереккөз болып табылады.

Осылайша, Байзақ ауылының топонимдері - тарих, мәдениет, табиғат және рухани тәжірибенің өзара байланысының көрінісі, ауылдың тарихи-мәдени кеңістігін толық сипаттайтын элементтер.

Қорытынды

Қорытындылай келе, Байзақ ауылының жер-су атаулары тарихи және мәдени маңызды дереккөз болып табылады. Зерттеу барысында анықталғандай, атаулар үш негізгі факторға негізделген: табиғи орта, тарихи оқиғалар және халық дәстүрі.

Байзақ ауылының тарихи тұлғаларға негізделген атаулары - Байзақ сөресі, Байзақ батыр кесенесі, ауылдың өз атауы - ауылдың рухани және тарихи ерекшелігін көрсетеді. Жетіжол төбелері мен қорғаныс мақсатындағы басқа нысандар ауылдың стратегиялық тарихын бейнелейді. Табиғи-географиялық атаулар - Бұрылтөбе, Ақжар, Қарасу, Қарақуыс - жер бедерін, су ресурстарын, ауыл шаруашылығы мен экологияны сипаттайды. Тарихи-мәдени нысандар - Ескі Байзақ, Қызылжар, Рысымбет төбе, Жыланды - халық жадында сақталған тарихи оқиғаларды және рухани тәжірибені бейнелейді.

Байзақ ауылының топонимдері халықтың мәдени, тарихи және рухани тәжірибесін сақтаушы ретінде маңызды рөл атқарады. Олар тек географиялық белгілер емес, сонымен қатар мәдени идентичность, тарихи сана және ұрпаққа өткенді жеткізудің құралдары болып табылады.

Осы зерттеу топонимдерді сақтау, жүйелеу және ғылыми тұрғыда талдаудың қажеттілігін көрсетеді. Атаулар халық тарихын, этнографиялық дәстүрлерді және табиғатқа байланысты білімді ұрпаққа жеткізудің маңызды механизмі ретінде қарастырылуы тиіс.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Құламанова З. Жамбыл облысының топонимикалық анықтамалығы - Алматы: «Арыс» баспасы, 2014. - 808 бет.
2. Әбдірахманов С. Ә. Топонимика Казахстана: транслитерация и этимология названий. - Алматы, 2012. - 182 с.
3. Телғожа Ж. Тарихи жер-су аттарының түпшөкіні - Алматы: “Сөздік-словарь” ЖШС, 2010. - 356 бет.
4. Койчубаев Е. Краткий толковый словарь топонимов Казахстана. - Алма-Ата: Наука, 1974. - 284 с.
5. Елеуов М. Археологиялық зерттеулердің әдістері: Оқу құралы. - Түркістан: Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университетінің Тұран баспасы, 2006.- 151 бет.
6. Нурмағамбетұлы Ә. Жер-судың аты - тарихтың хаты.- Алматы: Балауса, 1994. - 64 б.
7. Жер-су атауларының анықтамалығы. - Алматы: «Арыс» баспасы, 2009.- 568 бет.
8. Рысбергенова К. Историко-лингвистическое исследование топонимов Южного Казахстана. Алматы, 2000 г.

ШУ ӨңІРІ ОНОМАСТИКАСЫ: КӨНЕ АТАУЛАРДЫҢ ТАБИҒАТЫ МЕН ТАРИХИ МАҒЫНАСЫ

Бахыт М.Б.

Ғылыми жетекшісі: аға оқытушысы, PhD Молдахмет А.А.

meirzhan166@gmail.com

Астана халықаралық университеті

Астана қ.

Аңдатпа:

Бұл мақала Шу өңіріндегі аномастикалық атаулардың шығу тегі, тарихи-географиялық қалыптасуы және олардың өңірлік мәдени болмысқа әсерін талдауға бағытталған. Шу аймағы көне дәуірден бастап Ұлы Жібек жолының торабында орналасқандықтан, мұндағы жер-су атаулары түрлі этникалық, мәдени және саяси үдерістердің ізін сақтап қалған. Зерттеу барысында аймақтағы негізгі топонимдерге - Шу, Аспара, Қордай, Төрткөл, Ақсу, Қарағайлы, Балуан Шолақ бөліктеріне қатысты деректер қарастырылып, олардың тарихи семантикасы мен қалыптасу кезеңдері айқындалады.